

Байдалиев К.А.^{ab}, Турдалиев Р.М., Тлебалиев А.А., Нурғалиев К.Ж.

Жеңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

УНИВЕРСИТЕТТИҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІН КЛУБТЫҚ МОДЕЛДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

Байдалиев Куатбек Абуталипович, Турдалиев Рауан Муратович, Тлебалиев Асылжан Асылбекович, Нурғалиев Канат Жусупович

Университеттің дене шынықтыру пәнін клубтық моделде ұйымдастыру арқылы студенттердің спорттық және әлеуметтік әлеуетін дамыту

Аңдатпа. Бұл мақалада университеттерде дене шынықтыруды оқыту мәселесі өзекті болып табылады. Дәстүрлі білім беру мазмұны мен оқу сабақтарын ұйымдастыру моральдық тұрғыдан ескірген және студенттердің дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылығын тудырмады. Дене шынықтыру сабақтарына студенттер тек баға алу үшін қатысып, практикалық тұрғыдан қызығушылық танытпады. Сонымен қатар, жыл сайын отырықшы өмір салтын ұстанатын және дене шынықтыру дайындығы нашар студенттер саны артты, бұл олардың денсаулық жағдайына үнемі әсер етті. Нейробиологияда өртүрлі бұзылулардың алдын алудағы қозғалыс белсенділігінің тиімділігі туралы зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, жоба авторлары студенттердің дене шынықтыру мен спортқа деген ынтасы мен қызығушылығын арттыру үшін дене шынықтыру пәнінің дәстүрлі түрін спорт клубына айналдыру идеясын ұсынады. Олар педагогикалық проблеманы тұжырымдауға, спорт клубы түрінде дене шынықтырудың оқу процесін ұйымдастырудың мақсатын анықтауға ықпал еткен бірқатар қайшылықтарды анықтады. Авторлар ТМД елдері мен алыс шет елдердің университеттерінде дене шынықтыруды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері мен практикалық тәжірибесін зерделеп, талдады. Зерттелген материалдар негізінде зерттеушілер спорт клубының құрылымдық және мазмұндық моделін жасады. Құрылымдық модель студенттерге таңдалған спорт түрімен ыңғайлы және қауіпсіз айналысуды қамтамасыз ететін еңбек және материалдық ресурстардың функцияларын органикалық түрде біріктіреді. Спорттық клубтың мазмұндық моделі клубтың конструктивті компоненттерін қамтиды: мақсат қою, оқу-жаттығу жұмыстарының мазмұны, оқыту нысандары, әдістері мен құралдары, сондай-ақ эксперименттік зерттеудің күтілетін нәтижелері.

Түйін сөздер: дене шынықтыру, әлеуметтік және тұлғалық әлеует, спорттық клуб моделі, мотивация, жоғары білім.

Baydaliev Kuatbek Abutalipovich, Turdaliev Rauan Muratovich, Tlebaliev Asylzhan Asylbekovich Nurgaliev Kanat Zhusupovich

Development of sports and social potential of students through the club model of the subject of physical education at the university

Abstract. This article addresses the issue of physical education instruction in universities. The traditional content of education and the organization of physical education classes have become morally outdated and no longer engage students in physical fitness and sports activities. Physical education classes were attended by students solely to receive grades and did not hold practical value. At the same time, the number of students leading a sedentary lifestyle and having poor physical fitness has increased every year, which has invariably affected their health. Considering research results from neurobiology on the effectiveness of physical activity in preventing various disorders, the authors of this project propose transforming the traditional form of physical education into a sports club to enhance students' motivation and interest in physical fitness and sports. They identified several contradictions that led to the formulation of the pedagogical problem and the definition of the goal of organizing the physical education process in the form of a sports club. The authors have studied and analyzed the scientific and methodological foundations and practical experience of organizing physical education in universities of the CIS countries and abroad. Based on the studied materials, the researchers developed a structural and content model of a sports club. The structural model organically combines the functions of labor and material resources, which ensures that students can comfortably and safely engage in their chosen sport. The content model of the sports club includes the club's constructive components: goal setting, the content of training and educational work, forms, methods, and means of instruction, as well as the expected results of the experimental research.

Key words: physical culture, social and personal potential, sports club model, motivation, higher education.

Байдалиев Куатбек Абуталипович, Турдалиев Рауан Муратович, Тлебалиев Асылжан Асылбекович, Нургалиев Канат Жусупович

Развитие спортивного и социального потенциала студентов через клубную модель предмета физической культуры в университете

Аннотация. В статье рассматривается проблема преподавания физической культуры в университетах. Традиционное содержание и организация учебных занятий утратили актуальность и не вызывают интереса у студентов, что снижает их мотивацию к физической активности. В результате наблюдается рост числа студентов с недостаточным уровнем физической подготовки и малоподвижным образом жизни, что негативно сказывается на их здоровье. Учитывая данные нейробиологических исследований о роли двигательной активности в профилактике различных нарушений, авторы предлагают трансформировать традиционные занятия по физической культуре в формат спортивного клуба. В ходе исследования выявлены противоречия, обусловившие формулирование педагогической проблемы и определение целей организации учебного процесса в новом формате. Авторами проанализированы научно-методические подходы и международный опыт организации физической культуры в университетах стран СНГ и дальнего зарубежья. На основе полученных данных разработана модель спортивного клуба, включающая структурный и содержательный компоненты. Структурная модель объединяет кадровые и материальные ресурсы, обеспечивающие безопасные и комфортные условия для занятий. Содержательная модель охватывает целеполагание, содержание учебно-тренировочных занятий, методические подходы и ожидаемые результаты.

Ключевые слова: физическая культура, социальный и личностный потенциал, модель спортивного клуба, мотивация, высшее образование.

Кіріспе. Жоғары оқу орындарында дене шынықтыру пәні салауатты өмір сүру белсенділігі сияқты әлеуметтік даму қасиеттерін қалыптастырумен бірге, әр түрлі деңгейлерде, масштабтарда жарыстық турнирлер, лигалар, фестивальдар өткізу арқылы, командалардың қойылған мақсатқа жетуге, ынтымақтастықта біріге, ойын кезінде пайда болған қиындықтарды шапшаң, шығармашылықта төтенше стратегиялық, тактикалық шешімдер қабылдау, бәсекелестік қабілеттері мен қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл әлеуметтік ортадағы спорттық іс-әрекеттер білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерінің өнімді және шығармашылықта жүруіне, әлеуметтік өмірінің моделін, ұстанымдар мен стратегиялар қоюға дағдыланады. Соның нәтижесі кәсіби еңбегі мен әлеуметтік өмірінің белсенділігі, мәнділігі мен маңыздылығының аяны болады. Яғни, білім алушының дене дамуы аясында қалыптасқан тұлғалық және әлеуметтік қасиеттер, оның зияттық әрекеттерімен үйлесімді жүріп, дамуына негіз болады.

2023 жылы біздің университеттегі медициналық қызмет көрсетуге арналған бөлімде денсаулығы туралы бақылаудан 484 студент өту кезінде, олардың 21,69 % миопия ауыруы анықталса, 2 % астигматизм, 1,85 % сколиоз, 2,69 % жалпақ аяқты, 2,27 % семіру байқалған. 2024 жылы 279 студенттердің медициналық бақылауға қаралуында олардың ішінде 7,8 % тағы да миопия, 4,3 % жалпақ табан, 1,79 % астигматизм аурулары қалыпты қайталанып келеді. Бұл ауруларда студенттердің арасында кеңінен таралып келе жатқан көз аурулары, семіру, қан құрамындағы темір элементінің жеткіліксіздігі, қан айналымының бұзылуы, дене бітіміндегі тепе-теңдіктің бұзылуы анықталып отыр.

Аурулардың пайда болуына ықпал ететін факторлар – студенттік өмір бейнесі, яғни, студенттердің түн мезгілінде сабаққа дайындалу санат мөлшері 51,3 % құраса, ұйықтау алдында кешкі тамақ ішу 48,6 %, қыздар арасында белсенді қозғалыстардың болмауы 46,9-63,6 %, зиянды әдеттері бар студенттер 41,4-45,1 % құрайды. Ер балалар арасында психоэмоционалдық күйінің кернеулік белгілері 87,5-87,8 % студенттерді қамтып отыр. Таза ауада серуендеуден шектелген студенттер 88,9-90,6 %, олардың ішінде спорттық әрекеттерге қатысу енжарлығы ер балдардың 45 % құраса, қыздардан қатыспауы 70 % болған. Әрбір үшінші студент хроникалық ауру салдарынан оңалту дене шынықтыру топтарында сабаққа барып отырса, 64,7 % мүлдем сабаққа қатыспайды [1].

Бұл зерттеулердің көрсеткіштері мен нәтижелеріндегі аурулардың пайда болуы мен қарқынды дамуы студенттердің тамақ гигиенасы мен тәртіптерін сақтамау, жеңіл желпі тамақтану, дене және психикалық энергияларды тез қалпына келтіретін сусындарды ішуге әдеттену, дене және психоэмоционалдық шаршау мен белсенділікті арттыруға әр түрлі дәрі-дәрмектер ішу, белсенді қозғалыссыз музыкалық әуендер тыңдау, фильмдер қарау, әлеуметтік желілердегі ақпараттармен алмасу арқылы релаксация жасауды тиімді көру тәжірибелері кеңінен орын алып келеді. Оқу үдерісіндегі шаршау мен жалығуды тежеп, оқу-танымдық белсенділікті арттыратын формалардың біріне – қозғалмалы спорттық іс-әрекеттерге қатысу, тұрмыстық жағдайда белсенді қозғалыстар жасау, таза ауада тынығу, серуендеу және ойындар ойнау, қозғалмалы көңіл көтеру сәттерін тәжірибелеудің тиімділігі студент жастардың денсаулығы мен танымдық әрекетіне әлде қайда тиімді сәттерін көрсетуге кепіл бере алады.

Жаңа сипаттағы құбылыстар – ақпараттық технологиялардың үлесімен байланыстыруға болады. Бұл инфрақұрылымның архитектурасы қоғамның барлық салаларына еніп, соның ішінде, оқу-танымдық іс-әрекеттер, еңбек қызметтері, өзара байланыстарды қашықтан орындау, әрекеттерді жүргізудің кеңінен қолданылуы, болашақ жастардың қозғалыссыз танымдық, еңбек, қызмет көрсету әрекеттері қоғамдық құбылыстағы үлкен мәселеге айналу үстінде. Ақпараттық технология жетістіктері танымдық әрекеттің өнімді және шығармашылықта қызмет етуіне үлкен мүмкіндіктер бергенімен, оның потенциалы қоғамда жаңа «асоциалды» әдеттердің пайда болуына, құмар ойындар, «бәс кою», ақпараттық құралдармен зияттық еңбектің үздіксіз орын алуы жас мамандардың еңбек ырғағының тәртіптері бұзылып, жүйке-психикалық бұзылуларға алып келуі, алаяқтық қылмыстармен айналысу құбылыстары артуда.

Міне, бұл қоғамдық құбылыстардағы жастардың арасында пайда болған дәстүрлі және жаңа сипаттағы «асоциалды» әдеттер мен қылмыстық белгілері бар алаяқтық әрекеттер, заманауи гаджеттермен үздіксіз ақпарат қабылдау, алмасу, орындау сияқты танымдық әрекеттермен шұғылдану жоғарыдағы жастар бойындағы физиологиялық, танымдық және әлеуметтік бұзылыстар мен ауытқуларды әрі қарай өршітіп келеді.

Қазақстанда халықтың салауатты өмір сүріп, шығармашылық пен жасампаздықта белсенді еңбек етуіне қуат беретін, ерікті жігерлендіретін құралдары – дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту болып отыр. Мемлекет тарапынан ол мақсаттарға жетудің тұжырымдары мен іс-әрекеттерін басқару органы спорт және туризм министрлігі болып табылады. Осы бейіндік министрлік бұқаралық спорттың дамуына бағытталған «Дене шынықтыру мен спорт туралы» Заң қабылданып, әрбір бес жылда Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың тұжырымдамалары қабылданып, оның жүзеге асырылуына жоспарлар құрылып, орындалып келеді [2, 3].

Бұл мәселелерді шешуге жоғары оқу орындарында профилактикалық ағарту жұмыстарымен шұғылданумен бірге, басым олардың бойындағы «энергия» тарату, үздіксіз танымдық іс-әрекет арасында жиі қозғалмалы әрекеттер орындау, әлеуметтік, тұлғалық қасиеттерді қалпына келтіріп, нығайтып, дамытып отырудың шынайы формасы тәжірибелік сабақтармен байланыстырудың үлесі ықпал етеді. Ол – университеттегі дене шынықтыру оқу пәні болып табылады. Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім беру министрлігі мемлекеттік міндетті білім беру стандартын қабылдап, бекіткен

типтік оқу жоспары бойынша 1,2 курстарға аптасына 2 рет сабақ болатын оқу жүктемесі көзделген. Ал, жоғары курстарда дене шынықтыру пәні сабақтары көзделмеген. Ол курстардағы білім алушылар өз еркімен таңдаған спорт түрлері бойынша университет жанындағы спорттық секцияларға тегін қатысуына мүмкіндіктер қарастырылған.

Университеттерге арналған типтік оқу бағдарламасының білім беру мазмұнына талдаулар жасасак. Сабақтың формасы тәжірибелік сипатта, дене шынықтыру сабақтары гимнастика, жеңіл атлетика, волейбол, баскетбол, спорттық ойындар, ұлттық ойындар, үстел теннисі, футбол сияқты базалық спорт түрлері қамтылған. Барлық спорт түрлері бойынша көзделген оқу материалдары жалпы орта мектептің оқу бағдарламасындағы жаттығу жұмыстарын орындап, рейтинг, ағымдағы қорытынды бақылауларда әр спорт түрі бойынша приемдар мен техникаларын демонстрациялап, нормаларын тапсырады. Білім алушылардың арасындағы спортқа қызыққан санаттағы студенттер сабақтан тыс уақытта спорттық секцияларға да қатысып, өзінің дене дайындық деңгейін арттырып, әр түрлі деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысуда. Бұл секцияларға білім алушылардың шектеулі саны ғана қамтылып отыр. Дене шынықтыру пәнінің академиялық сабақтарына білім алушылардың қатысу күйі белсенді емес, сабаққа қатысу басым рейтинг пен ағымдағы қорытынды бақылаудан өтуді ғана мақсат тұтады.

Сонымен бірге, дене шынықтыру пәні сабақтарының білім беру мазмұны білім алушылардың дене дайындығы мен салауатты өмір сүруге белсенділігін арттыру қатаң тәртіптегі шектеулі сабақтар төменгі курстарда орын алып, жоғары курстарда білім алушылар кәсіби еңбекке жеткенше ұмытылып, оның мәні төмендейді. Пәннің білім беру мазмұны білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік бағдарын қалыптастыру міндеттері көзделмей, кеңестік дәуірдегі идеологияға тән жаппай ортақ қасиеттер мен қабілеттерді ғана мүдделеп, білім алушылардың өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі тану мен өзін өзі дамыту бағдарлы құндылықтар тыс қалып қойған. Білім алушылардың жеке және топтық сұраныстары мен қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен түрткілерін ескермеудің ықпалынан, олардың дене шынықтыру пәні сабақтарына еріксіз қатысу, жаттығуларды демонстрациялау мен нормативтердің өзін типтік сипаттау орындау, сабаққа немқұрайлық қарау, тиімділігін тәжірибеден көрмеу сияқты құлықтары, олардың әр түрлі себептермен сабаққа қатыспау түрткілері жиі орын алады.

Осындай санаттағы білім алушылардың қажеттілігі мен сұраныстарын қалай қанағаттандыруға не кедергі келтіреді? Сонымен бірге,

университеттердегі дене шынықтыру пәнінің немесе дене шынықтыру білім беру мәнділігін, қажеттілігін және әлеуметтік құндылықтарын қалай жақсартып арттыруға болады деген мәселенің шешімі қандай болмақ? Мүмкін университеттердегі дене шынықтыру білім беру мазмұны мен формасын түбегейлі қайта түрлендірулер жүргізу, оқу үдерісіндегі технологиялық тәртіптерді жетілдіру керек па? Дене шынықтыру дайындығының мақсаттылық әлеуметтік құндылықтарын қайта құру, ресурстарды жақсартудың қажеттілігін қамтамасыз ету керек па?

Олай болса, жоғары оқу орындарындағы дене шынықтыру пәнінің білім беру мазмұны мен ұйымдастырушылық және әдістемелік тұстарын талдай, олардың кемшіліктері төмендегі қайшылықтарды бөліп құрауға ықпал етті:

білім алушылардың түрткісі мен алуан әлеуметтік, тұлғалық қажеттілігінің болуы мен дене шынықтыруды оқыту мен тәрбие формалары, әдіс-тәсілдері және құралдарының қатаң унификациясы;

дене шынықтыру мен спорттық іс-әрекеттерге студенттердің сұраныстарын, түрткілерін қалыптастыру қажеттілігі мен тұлғаның қызығушылығы мен рухани мәдениетін ескермей, дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастырудың қатаң нұсқаушылық сипаты;

білім алушылардың жеке және топтық түрдегі қажеттіліктерін қанағаттандыруға спорттық мүмкіндіктердің кеңдігі мен дене шынықтыру сабақтары бағыттылығының (рекреация, оңалту, белсенді демалыс, заманауи спорттық туризм (экстремалды спорт) және т.б.) саралану мүмкіндіктерінің төмендігі;

білім алушылардың дене шынықтыру мен спорттық іс-әрекеттерге түрткісі мен қызығушылығын, қажеттілігі мен сұраныстарын дамытудың заманауи әлеуметтік қолдауларды жетілдіру мүмкіндіктерінің болуы мен дене шынықтыру сабақтарында жарыстық тәртіптердің шектеулі қолдануы.

Аталған қайшылықтардың шешілмеуі болашақ жас маманның кәсіби және әлеуметтік өміріндегі ұстанымдары мен қағидаттарының ұзаққа созылмай жоғалып, өзін-өзі жүзеге асырудағы белсенді өмір сүру, шығармашылықта еңбек ету және салауатты өмір позциясының төмендеуіне алып келеді. Дене шынықтыру және спорттық іс-әрекеттердің нәтижесі болашақ маманның әлеуметтік өміріндегі мәнді, өміршең тірек, стратегияларға айналуы абзал. Университеттердегі дене шынықтыру пәні мен сабақтан тыс уақыттағы спорттық іс-әрекеттер үдерісінде туындап отырған қайшылықтарды шешу мынандай мәселені құруға негіз бол-

ды: білім алушылардың дене шынықтыру мен спорттық іс-әрекеттер құралдарымен әлеуметтік, тұлғалық құндылықтарға бағдарлы сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандырауға дене шынықтыру пәнінің оқу үдерісін әр түрлі спорт түрлеріне сараланған тұрғыдағы клубтық моделінде ұйымдастыру.

Зерттеу мақсаты - білім алушылардың болашақ кәсіби еңбегіне әлеуметтік және тұлғалық бағдарларын орнықты қалыптастыруға бағытталған сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын саралау тұрғысында спорт түрлерімен шұғылдануға бағытталған клубтық моделінің білім беру мазмұны бейнесін, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін жасау болып табылады.

Зерттеудің міндеттері:

дене шынықтыру пәнін жоғары оқу орындарында ұйымдастыру мен басқа формада жетілдіру туралы шетел мен Отандық тәжірибелерге зерделеу жасап, спорттық клубтың құрылымдық және мазмұндық моделін құру;

спорттық клуб моделінде білім алушылардың спорттық және әлеуметтік әлеуетін дамытуға бағытталған спорттық сипаттағы оқу-жаттығу іс-әрекеттерін секция түрінде ұйымдастырудың тиімділігін тәжірибеде тексеру.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу әдістері: педагогикалық мәселенің қайшылықтары мен мәселені ғылыми анықтауға, оның көкейтестілігі мен клубтық моделді құру негіздеріне дәлелді дәйектерді құруға теориялық еңбектер мен педагогикалық тәжірибелерді талдау, салыстыру, нақтылау, жалпыламалау, моделдеу, жүйелеу және қорытындылау әдістерін қолданумен орындалады. Білім алушылардың түрткісі мен қызығушылықтарын, сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған саралау тұрғысына негізделген спорттық клубтық моделдегі оқу-жаттығу танымдық әрекеттерді ұйымдастырушылық және әдістемелік тәжірибелерін жүзеге асыру мен олардың деректерін алу мен өңдеуге оқу-әдістемелік құжаттармен жұмыс, сауалнама, тест, эксперимент, алынған тәжірибелік деректерді статистикалық өңдеулер болып табылады.

АҚШ университеттерінде кеңінен таралған спорт түрінің саны 24 жетеді. Олардың ішінде студенттерге насихатталатын және таңдауға мүмкіндік беретін түрлері баскетбол, волейбол, жеңіл атлетика, бокс, гольф, бейсбол, софтбол, американдық футбол және т.б. Университеттеріне арналған ортақ мемлекеттік оқу бағдарламасы анықталмаған. Әрбір университет оқу бағдарламаларын дербес жасап, кей жағдайларда жеке тұрғыда үйретудің де бағдарламалары кездеседі. Оқу-жаттығу сабақтары тәжірибелік және теориялық формада өтеді. Дене

шынықтыру сабағы бір рет тәжірибелік, бір рет теориялық болып жүреді. Бірақ, бұл пән жоғарыда айтқандай міндетті пән болып табылмайды. Семестр аяқталу барсында теориялық бөлімі бойынша тест тапсырады. Оның бақылау сұрақтарына тамақтану ережесі, техника қауіпсіздігі, жаттығу процесін ұйымдастыру, жаттығулардың ережелері кіреді [4].


ТМД мемлекеттерінде, соның ішінде Ресей жоғары оқу орындарында студенттерді жан-жақты дамыту мақсатында дене тәрбиесі жүреді. Дене шынықтыру кафедрасы барлық оқу үдерісін ұйымдастыру, жоспарлау, сабақтарды өткізу тәртіптерімен орындалады. Бұл оқу-тәрбие процесі қатаң реттелген оқу жоспары мен бағдарламалардың нормаларына сәйкес жүргізіліп, білім алушылардың спорт түрлерін таңдау мүмкіндіктері болмайды. Ресейде және басқа ТМД мемлекеттеріндегі дене шынықтыру пәні міндетті болып табылады. Басым көп студенттер сабаққа сынақ алу үшін ғана еріксіз қатысуға мәжбүрлену күйлері байқалады. АҚШ университеттерінде студенттер спорттық сабақтарды өз бетімен таңдауы мен шұғылдануы, олардың өмір қағидаты, ол америка ұлтының ұраны, спорт ол елде кеңінен танымал. Ресей университеттерінде студенттер дене шынықтыру пәні сабағынан басқа сабақтан тыс спорттық клуб, спорттық секцияларында дене қабілеттері мен спорттық жарыстарға қатысу мүмкіндіктері еркін таңдаумен жүріп, аптасына 2-3 оқу-жаттығу әрекеттеріне қатыса алады. Сонымен бірге, университеттің бұқаралық спортты дамытуға жаңа бағыттарында жүзеге асыру қолға алынған: оңалту-рекреативті, спорттық, кәсіби-қолданбалы, гигиеналық және емдік бағыттар [5].

Дене шынықтыру мен спорт саласында жастардың дене дайындығы мен тәрбиесі, жоғары спорттық жетістіктерге жету, оның әлеуметтік, тұлғалық құндылықтарына баулу тұжырымдары мен әдістемелік тәжірибелері дүниежүзілік жоғары оқу орындарында, оларды ұйымдастыру мен әдістемелік негіздерін жасауға мақсаттылық пен технологиялық оқыту тәртіптерін, нұсқауларын әрбір мемлекет бейіндік органдардың құзыретімен тұжырымдар, нормативтік актілер, бағдарламалар мен ережелер, нұсқаулықтар қабылдап, бекіту тәртіптерімен реттеліп отыратыны ортақ жүріп келе жатқаны анықталды. Университеттерде білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерімен бірге, спортпен үздіксіз шұғылданып, жоғары жетістіктерге жету кезіндегі оқу орны және мемлекет тарапынан үлкен әлеуметтік материалдық қолдаулар көрсетіп отыратын мемлекеттердің ішінде АҚШ, Европа мемлекеттері, Жапония, ҚХР, Ресей кеңінен тәжірибеленіп отырғаны анықталды [6-8].

Осы дүниежүзілік мемлекеттердегі бұқаралық спортты халық арасында насихаттау және спортпен үздіксіз шұғылдануға мемлекет тарапынан және университеттің дербес қорларынан үлкен қолдаулар алып, басым көп елдерде дене шынықтыру мен спорттың кеңінен университет студенттері арасында таралып, олардың өмір сүру белсенділігі, мансабын тұрғызу, еңбекке қабілетті дене шынықтыру, дене дағдылары мен қабілеттерін дамыта, тұлғалық және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастырудың қуатты құралы болып отырғаны анықталды.

Қазіргі таңда университет батыс аймақтағы жоғары оқу орындарының арасындағы спорт саласы бойынша заманауи материалдық инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілген, қуатты оқу орны болып табылады. 2021 жылы университет аумағында «Жәңгір хан» спорттық кешені бой көтеріп, іске қосылды. Бұл кешенде бір мезгілде 12 спорт түрі бойынша студенттерге оқу-жаттығу сабақтарын өткізуге потенциалы бар. Оған іргелес жатқан 1000 м² аумағы бар стадион, оның жиегі жүгіру 3 жолақтары бар, көрермендерге арналған подиум, екі воркут алаңы, онда баскетбол, шағын футбол ойындарымен шұғылданады. Волейбол, баскетбол спорт түрлерімен оқу-жаттығу жүргізетін алаңдар. Атлетика жаттығуларын орындайтын алаң темір тіректермен жабдықталған. Сонымен бірге, спорттық ойындар түрлерімен жаттығатын спорт зал, баскетбол, волейбол жаттығуларын орындайтын зал, шахмат, тоғызқұмалақ, фитнес, атлетикалық, гимнастикалық, күштік атлетика, күрес шағын залдар. Ол оқу-жаттығу залдары жөндеуден өтіп, барлық спорттық залдар заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған. Білім алушылардың киімдерін шешу, жуыну бөлмелері толық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес. Дене шынықтыру-оңалту медициналық және ерекше білімді қажет ететін топтарға арналған «Жәңгір хан» спорттық кешенінде шағын емдік дене шынықтыру залы да қызмет көрсетеді (1-сурет).

Университетте дене шынықтыру пәнінің оқу үдерісі спорттық клуб моделіне көшу бастамасы 2019 жылы басталып, әрбір жаңа оқу жылының басында 1 курс студенттеріне арналған танысу аптасында спорт клуб жаттықтырушылары 14 спорт түрлері бойынша таңдауға ұсыныстар жасап, өтініштер қабылданады. Студенттерге спорт түрлерін таңдау барысында, олардың спортқа қызығушылығы, дене дайындығы және спорттық қабілеттерімен жетістіктері анықталып, кеңестер жүргізеді. Осы өтініштерді қабылдау және кеңестер беру нәтижесінде спорт түрлері бойынша командалық топтар құрылып келеді. Студенттер басым волейбол, баскетбол, фут-



1-сурет – Спорт клубтың функционалдық схемасы (авторлармен құралған)

бол, үстел теннисі, шағын футбол, күрес, шахмат түрлерін таңдауға ұмтылады. Спорт түрлері бойынша қыздарға және ер балаларға арналған командалық топтар құрылады. Қыздар командасына жазылғанда студенттер кеңінен волейбол, баскетбол, теннис, фитнес, шахмат, шашка түрлеріне артықшылық береді. Студенттер арасында спорттық дайындығы және жетістіктері жоқ санаттағы студенттер кездеседі. Оларды спорт түріне түрткісі мен қызығушылығын ескере, жаттықтырушылар өздерінің таңдауларын қанағаттандыра, спорт түрлері бойынша құралған командалық топтарға кіргізеді. Білім алушылар арасында дене дайындығы мен

қабілеттері жоқ, спортқа қызығушылығы төмен, пәнге немқұрайлық қатынастары бар санаттағы студенттерінен жалпы дене дайындық командалық топтары құралады. Сонымен бірге, бірінші курс студенттеріне өтініш қабылдау және кеңес беру барысында медициналық мекемелерінде денсаулығына байланысты тіркеуде тұрған, тірек-қимыл аппараттары бұзылған, психоэмоциялық күйзелістері бар, белсенді қозғалыстар жасауға мүмкіндігі төмен, ерекше білімге қажеттілігі бар санаттағы білім алушылардың да себептерін медициналық анықтамалар көмегімен, оларды медициналық, дене шынықтыру-оңалту топтарына саралап бөледі.

Студенттерді спорт түрлері бойынша таңдаулар жасау барысында кездесетін сәттердің біріне – олардың басым көбі волейбол, баскетбол, футбол, теннис түрлеріне ұмтылады. Олардың қажеттіліктері мен сұраныстарын толық қанағаттандыру мүмкіндігі бола бермейді. Оған себеп жаттықтырушылардың жеткіліксіздігі байқалып келеді. Университетте жоқ спорт түрлері бойынша да өтініштер түседі. Бірақ, ол студенттерге спорттық клубта бар ұқсас спорт түрлері ұсынылады.

Бірінші курстардан құралған командалық топтардың оқу-жаттығу үдерісін жүзеге асыруға сабақ кестесі құралады. Оқу-жаттығудың сабақ кестесі басқа академиялық пән сабақтарының кестесімен бірге құрылып, бекітіледі. Бірінші курстардың оқу-жаттығу сабақтары аптасына екі рет болады. Олардың сабақтары екі формада жүреді. Бірінші сабақ, университет қабылдаған салауатты өмір салты бағдарламасы бойынша лекториялар (дәріс) жүрсе, екінші сабақ – оқу-жаттығу. Бірінші курстағы дәріс сабақтарының мазмұны дене шынықтыру гигиенасы, тамақтану гигиенасы, оқу-жаттығу жұмыстарындағы техникалық қауіпсіздіктер, адам ағзасындағы ауруларды алдын алу және емдеу, оңалту тәртіптері мен тәсілдері, тұрмыста белсенді қозғалыстарды орындаудың, асоциалды құлықтар мен зиянды әдеттерді алдын алу, емдеу, танымдық іс-әрекеттерді орындаудағы психоэмоциялық күйлерін қалпына келтіру, оңалтудың әдіс-тәсілдері туралы қалалық, облыстық медициналық мекемелердің бейіндік салалары бойынша дәрігерлері (жеке, бригада), университеттің профессорлық-оқытушылар құрамындағы тәжірибелі ғалымдар мен оқытушылар, психологтар, тәжірибелі жаттықтырушылар дәрістердің әр түрлі формаларын (видеодәріс, дәріс-конференция, дәріс-жоба, проблемалық дәріс, дәріс-семинар, дәріс-презентация) қолдана теориялық материалдар қарастырады. Сабақ кестесі бойынша әр аптада екі лектен құралған (300,500 студент) қазақ және орыс топтарына университеттің Акт залында, үлкен дәрісханаларда лекториялар жүреді.

Бірінші және екінші курстардың оқу-жаттығу сабақтары аптаның әр күніне сабақ кестесі бойынша жоспарланады. Сабақ кестесіндегі ерекшелік, бірінші курстардың оқу-жаттығулары бірнеше командалық топтардың бір лекте жүруінде. Өйткені, бір лекте бес институттың студенттерінен құралған командалық топтар бір мезгілде (220-250 студент) оқу-жаттығу сабақтарына келеді. Спорт түрі бойынша әрбір командалық топтарда әр түрлі институттың студенттерінен құралады. Солай 1 курстардың оқу-жаттығу сабақтары 3 ағымға жетеді. Университетте 1 курс студенттерінің саны 797 құрап отыр. Олардың оқу-жаттығу сабақтары бір күнде екі сағат көлемінде

жүреді. Ал, 2 курс студенттерінің командалық топтарына арналған оқу-жаттығу сабақтары да 3 ағымда, аптасына 2 рет екі сағат көлемінде орындалады. Спорттық клубтың жаттықтырушылары бір лекте барлығы командалық топтарда клубтың моделіндегі спорт залдарында оқу-жаттығулар өткізеді. Оқу-жаттығу сабақтарында командалық топ жаттықтырушылары спорт түрі бойынша оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес жеке дара, жұптық, топтық, аралас топ, ұжымдық формаларыда жаттығуларды орындатады, приемдары мен техникаларына дағдыландырады. Әрбір спорт залдарда материалдық ресурстардың дәстүрлі және заманауи спорттық құрал-жабдықтары қамтамасыз етілген. Оқу-жаттығу тапсырмалары ұсақ мөлшерленіп беріліп, оларға жаттыға отырып, тиімді дағдылануына мүмкіндіктер береді.

Көктем және күз мезгілдерінде университет территориясында орналасқан ашық алаңдарда, воркуут алаңдарында, стадионда спорт түрлері бойынша жаттығулар жүреді. Қыс мезгілінде барлық командалық топтар шаңғы рекреациясына қатысады.

Қысқы және көктемгі сессиялардың қарсаңында спорт түрлері бойынша командалық топтар арасында институтішілік, университетішілік спартакиадалар, турнирлер өткізіледі. Волейбол, футбол, теннис, спорттық бағдарлау, ұлттық спорт түрлері бойынша қалалық, облыстық, оқу орындарының студенттері арасындағы лигаларға, жоғары оқу орындары арасында аймақ аралық, Республикалық және Халықаралық чемпионаттарға қатысады.

Командалық топ студенттерінің оқу жетістіктерін бағалау оқу-жаттығу тәжірибелік сипатта дене, спорттық дағдыларын демонстрациялаумен саралау сынақтарын алумен шектелмейді. Олардың оқу жетістіктері дәріс, тәжірибелік дағдыларды демонстрациялау арқылы нормативтерді орындау, шеберліктерін көрсету, университетішілік, қала, облыстық, Республикалық және Халықаралық әр түрлі масштабтағы жарыстарға қатысу, жеңімпаз, жүлделі орындар алған жетістіктерімен құралған «аутентикалық» бағалау өткізеді.


Кез-келген іс-әрекеттің жоспарлануы, ұйымдастырылуы мен тиімді жүзеге асырылуы еңбек мазмұнының мақсаттылығының дәйекті және өміршендігімен байланысты анықталады. Олай болса, дене шынықтыру пәнінің спорттық клуб моделіне түрленуінде, аталған формадағы іс-әрекетке тән нәтижелілігі нақты құралған сипат алатын мазмұны: мақсаты – студенттердің спорттық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған дене мен спорттық қабілеттерін жетілдіру, жоғары спорттық жетістіктерге жету ұмтылыстарын арттыра, олардың болашақ кәсіби еңбегіне әлеуметтік және тұлғалық құндылықтарын дамыту.

Бұл мақсаттың тиімді нәтижеге қол жеткізуі педагогикалық шарттарымен, қағидаларымен, қызметімен және оқыту құралдарымен, болжамды нәтиженің дәлелділігін бағалау және өлшемшарттарымен анықталады (2-сурет).

Оқыту процесіндегі педагогикалық шарт білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерді, соның ішінде, оқу-жаттығу әрекеттерін жайлы және қауіпсіз орындаудың алғы шарттарымен қамтамасыз етуді көздейді. Бұл шарттардың толық қамтамасыз етілмеуі көзделген мақсаттың енжарлы, толық орындалмауына, болжамды нәтижелердің өлшем шарттарына сәйкессіздіктерін белгілейді. Болашақ жас спортшылардың өз тандауымен, қажеттілігін

қанағаттандыруға бағытталған ұйымдастырылатын спорттық клуб, олардың дене және спорттық қабілеттері мен шеберліктерін қалыптастырумен бірге, әлеуметтік және тұлғалық дағдыларын да дамытуға бірден бір кепіл беретін педагогикалық шарттардың орындалуын қажет етеді. Ол педагогикалық шарттар университеттің стратегиялық даму міндеттеріне, оқу-тәрбие процесінің ішкі ережелеріне, спорт түрлеріне тән ерекшеліктерімен үндесуі абзал. Университеттік спорт клубының өнімді іс-әрекеттерді жүзеге асыруға төмендегі шарттарды бөліп отырмыз: спорт клубқа мүшелілікке кіру; материалдық ресурстармен толық қамтамасыздығы; жаттығу мен дайындық; жарыстар мен турнирлер; денсаулық пен қауіпсіздік; қаржылық.

«Жәңгір хан» спорттық клубында жас спортшыларды даярлаудың мазмұндық моделі



2-сурет – Жас спортшыларды даярлаудың дидактикалық құрылымы (авторлармен құралған)

Студенттік спорт клубтың негізгі қызметі спорттық клубтағы түйіндік бағыттардың құрамынан анықталып, сол қызметтердің орындалуымен клубтың кешенді және жүйелі іс-әрекеттердің біртұтастығын, үндестігін мазмұндайды. Сол қызметтер өзара сәйкестікте, үйлесімді жүре отырып, спорт клубтың алдына қойған міндеттерін орындау процестерін атқарады. Солардың бір бағыты ретінде дене шынықтыру және спортты дамыту қызметі болып табылады. Оның қызметі студенттер арасында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру (турнирлер, жарыстар, чемпионаттар), әр түрлі спорт түрлері бойынша командалар ұйымдастыру және олардың жұмысын қадағалау, дене тәрбиесі және спорттық машықтарды дамыту бойынша оқыту және жаттығу бағдарламаларын өткізу. Салауатты өмір салтын насихаттау қызметіне денсаулықты нығайту және зиянды әдеттерге әуестенбеу ұстанымдарын тарату, белсенді демалыс және фитнес-бағдарламаларымен салауатты өмір және белсенділік позицияны ұстану қағидаттарын жетекшілікке алу дағдыларына баулу кіреді.

Спорттық командаларды құру және басқару қызметі – университет атынан қалалық, облыстық, халықаралық жарыстарға қатысатын спорттық командаларды жасақтау, спортшыларды кәсіби жарыстарға дайындау және қолдау әрекеттерімен жүріп отырады.

Қоғамдастық құру және ынтымақтастық қызметінде студенттер арасындағы коммуникацияны және достық қарым-қатынастарды нығайту мен әр түрлі бөлімдер мен институттар арасында спорттық шараларды ұйымдастыру арқылы білім алушылардың әлеуметтік және тұлғалық құндылықтары мен дағдыларын дамытудың алғашқы қадамдарындағы ынтымақтастықты күшейту. Жарыстар мен іс-шараларды ұйымдастыру қызметінде клуб мүшелері мен жетекшісі спорттық фестивальдер, олимпиадалар, турнирлер, флешмобтар сияқты іс-шараларды өткізу, жарыс және басқа да іс-шаралар кезінде еріктілерді тарту және олардың іс-әрекеттеріне кеңестер, үйлестірулер мен ұйымдастыру жұмыстарын қарастырады. Мәдени және әлеуметтік даму қызметінде клуб мүшелері спорт дайындығы мен жарыстарға қатысумен шектелмей, олардың оқу-танымдық, тәрбиелік, рухани дамуына бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді. Оған танымал тұлға, спортшылармен кездесу, спорттық тренингтер, және мастер-класстар өткізуді қамтиды. Материалдық-техникалық базаны жақсарту бағытындағы қызмет спорттық клубтың инфрақұрылымдарын күту, оларды абаттандыру, жаңа спорттық жабдықтармен қамтамасыз ету, спорт залдарының жайлы, қауіпсіз, таза жағдайларын жақсартуды үздіксіз бақылаулар

жасап, жаңарту жұмыстарының орындалуы. Соңғы қызмет - әлеуметтік қолдау. Бұл қызметте спортпен айналысатын студенттерге гранттар, стипендиялар және басқа да әлеуметтік жеңілдіктер, қолдаулар түрлерін көрсету. Бұл қызметтер студенттік спорт клубтарының басты міндеттерін жүзеге асыруға және жастарды спорттық және әлеуметтік тұрғыда дамытуға мүмкіндік береді.

Спорттық клуб спортшыларының спорт дайындығы мен жарыстарға қатысуы, олардан жұлделі орындар алуға бағытталған табанды іс-әрекеттеріне бағытталған шарттар мен қызметтердің жеткілікті орындалуына, клуб жетекшілері, жаттықтырушылар, клуб мүшелері төмендегі қағидаларды жетекшілікке ала отырып, клубтың ортақ мүддесіне тән әрекеттерді орындауға ұмтылдырады: еріктілік, қолжетімділік, салауатты өмір салтын насихаттау, теңдік және инклюзия, спорттық этика және әділдік, қоғамдастықты дамыту, кәсіби өсу, өзін-өзі басқару.

Оқу-жаттығу дайындықтарында жас спортшылардың шеберлікке баулынуы мен танымдық дағдыларының дамуына тікелей жаттықтырушылардың сол әрекетті орындауға дайындаған жаттығуды ұйымдастырудың формалары болып табылады. Спорттық клуб оқу-жаттығу әрекеттерінде, спорт түрлері мен қолданатын құралдарына байланысты олардың әр түрлі формалары кіреді: танымдық дағдыларын дамытуға, спорттық дайындық пен жаттығу тәсілдері мен приемдары, қолданатын құралдар мен аспаптарға байланысты теориялық оқу, жеке және топтық, тәжірибелік, жарыстар мен турнирлер, шеберлік сыныптар мен тренингтер тиімді ықпалын тигізеді.

Нәтижелер. Жоғарыда қарастырғандай, дене шынықтыру пәнінің спорттық клуб формасына түрленуінің білім беру мазмұны, ұйымдастырушылық-әдістемелік тұстарын анықтаудың дайындық кезеңі мен алғашқы зерттеудің тәжірибелік қадамдары 2019 жылдары басталды. Осы алғашқы кезеңде 1,2 курстарға арналған спорт түрлері және жаттықтырушылардың потенциалына талдаулар жасалып, командалық топтарға спорт түрлері бойынша жаттықтырушылардың жеткілікті күйіне сараптау жүргізу арқылы бірінші және екінші курстарға 38-42 командалық топтар құрылды. Бірақ, барлық командалық топтар спорт түрлерін толық таңдауға мүмкіндіктері болмаған санаттағы студенттерге дене шынықтыру пәнінің типтік оқу бағдарламасы бойынша сабақ жүргізу анықталды. Олардың саны спорт түрлерімен шұғылданатын топтардың үштен бірін құрады. Қалған командалық топтар өздері таңдаған, дене дайындығы мен алғашқы спорттық тәжірибелері бар студенттер спорттық шеберлері мен дағдыларын дамытуға жаңа командалық құрылған топтардың қатарына


қосылды. Әрбір курстарға спорт түрлерінен оқу-жаттығу әрекеттерін орындауға 12 жаттықтырушыдан құралды. Бір курсқа үш ағымнан құралған командалар бір мерзімде сабақ өту тәртібін үйлестіруге кесте құралып, бекітілді. Спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу жұмыстарының оқу бағдарламасы (силлабус) жаңа оқу материалдарынан түзілді. Осы нормативтік оқу құжатының тиімділігін бақылау 2019-2020 оқу жылдан бері жүріп отырды.

Зерттеу тәжірибесінің алғашқы кезеңдерінде спорт түрлері бойынша командалық топтардағы студенттердің басқа спорт түрлеріне ауысу сәттері де байқалды. Әрине, студенттің өз бетімен таңдауына ерік беріп, спорттың басқа түрлеріне өтуіне де мүмкіндіктер қарастырылып отырды. Аталған кезеңде командалық топтардағы студенттердің спорттық дайындық ырғақтарына, белсенділіктеріне, жаттығулармен қалыптасып жатқан дағдыларына байқаулар мен бақылаулар жүргізіліп, оқу-жаттығу әрекеттердің әдістемелік тәсілдері, спорт түрлері бойынша оқу бағдарламалары да түзетіліп, өзгертіліп, толықтырылып отырды. Командалық топтарға жаттықтырушылық қызмет атқаратын лауазымды тұлғалардың жеткіліксіздігі де спорт түрлерінің алуандылығын арттыруға кедергі келтірді. Келесі туындаған қиындықтар студенттердің 1 курста спорт түрлерін таңдауда, басым көп студенттер волейбол, баскетбол, теннис, футбол түрлеріне артықшылық көрсетті. Оны толық қанағаттандырудың мүмкіндігі болмау себебіне жаттықтырушылардың жеткіліксіздігі.

Осы қиындықтарды шешуге сабақ кестесінде бірнеше командалық топтардың бір мезгілде сабақ өтуін өзгертіп, бір жаттықтырушыға бірнеше командалық топтар болғанда, оның сабақтарын аптаның басқа күндеріне ауыстыру арқылы шешуге ұмтылды.

Талқылау. Сабақ кестесі мен спорт түрлері бойынша дайындалған оқу бағдарламасын түзетулерден кейін, жас спортшылардың спорттық қабілеттерін дамыту мен жаттығу тәсілдерін шеберлікте орындау дағдыларын жетілдіру мақсатқа сай зерттеу тәжірибесінің қалыптастырушы және салыстырмалы кезеңдері 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жүргізілді. 1, 2 курстарда 38-41 топтың барлығын қамту мүмкіндігі болмағандықтан, 2 курстың спорт түрлеріне қатысып жүрген волейбол (ерлер, қыздар), футбол, баскетбол, қазақ күресі, армрестлинг командалары мен дене шынықтыру пәні бойынша құралған топтарды таңдадық. Бірінші топ тәжірибелік топ ретінде анықталса, екінші топ бақылау тобы ретінде қабылданды. Тәжірибелік топтағы студенттердің дене және спорттық қабілеттері мен дағдыларын бақылау өлшемшарттары жасалды. Сонымен бірге, оқу-жаттығу жұмыстарында үйренген тәсілдерді, приемдарды шеберлікпен орындау, жаттығу кезінде спорттық, техникалық құралдарды дұрыс орындау, нормативтерді демонстрациялап, соның көрсеткішін шәкілдегі жоғары балдар алу дағдыларын бақылады. Дене шынықтыру пәні сабақтарындағы топтардың да өлшем шарттары ортақ анықталып, бірдей бағалауға ұмтылды. Соның нәтижесінде екі топтың төмендегі диаграммадағы сандық көрсеткіштері анықталды (3-сурет).


Бұл бақылауда біздің тарапымыздан алынған көрсеткіштер тек спорттық дайындығындағы дағдыларының нәтижесімен балдық шаманы шектемей, олардың оқу жетістігін толық анықтауға аутентикалық сипатта бағалауды орынды көрдік. Оның себебі, тәжірибелік топтағы студенттердің басқа да формадағы жетістіктері де бағаланды.




3-сурет – Білім алушылардың спорттық секциялардағы үлгерімі (авторлармен құралған)

Олай болса, спорттық шеберліктерін жетілдіру, тәжірибелік топтағы студенттердің оқу жетістіктерін бағалау кезінде, олардың жоғары спорттық жетістіктері, спорт түрлері бойынша атақтары, әр түрлі деңгейлерде (қалалық, облыстық, Республикалық, Халықаралық) жарыстарға қатысу сәттерін ескере аутентикалық бағалаулар жүрді. Тәжірибелік топтағы студенттердің спорттық жетістіктері мен жарыстарға қатысу деректерін

(сандық) төмендегі диаграммадан (4, 5-сурет) көруге болады. Бұл суретте, сонымен бірге, университеттегі спорт түрлері бойынша басқа да жас спортшылардың атақтары мен жарыстарға қатысу көрсеткіштерін ұсындық. Студент-спортшылардың атақтары мен жоғары спорттық жетістіктерді әрбір жаңа оқу жылындағы төменгі курс студенттері ғана қамтылып, олар жоғары курстарға көшу кезінде қайталанбайды.



4-сурет – Университет білім алушыларының әр деңгейдегі спорттық көрсеткіштері (авторлармен құралған)



5-сурет – Университет білім алушыларының әр түрлі деңгейдегі жарысқа қатысу көрсеткіштері (авторлармен құралған)

Бұл суреттегі сандық көрсеткіштер университеттегі дене шынықтыру пәнінің спорттық клуб формасына түрлену сәтінен бастап,

әрбір оқу жылындағы жас спортшылардың спорттық атақтары мен жарыстарға қатысуы, университетішілік, университет аралық деңгейдегі

жарыстардың ұйымдастырылу күйлерін байқауға болады.

Соңғы 3 жылдың ішінде университеттің жас спортшыларының командалық топ болып, әр түрлі жарыстарға қатысу белсенділігі мен спорттық атақтарды алу шамасының біршама артып, студенттердің спортпен шұғылдану белсенділігінің арту белгісі болып табылатынына дерек белгісі болып табылады.

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, тәжірибелік көрсеткіштер жас спортшылардың дене және спорттық дайындықтарын, шеберліктерін жетілдірумен бірге, олардың әлеуметтік және тұлғалық құндылықтарында дамытуға ұмтылдырды. Осы санаттағы студенттердің басым көбі командалық топтарда дағдыланған тұлғааралық қатынастары, ынтымақтастықта біріге әрекеттер жасауы, өзінің көздеген мақсат міндеттеріне жетуі мен орындауы, ұстанымдарын орнықтыра жаңа қасиеттегі әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыруы, командалық шабыт пен шешімдерді қабылдауы, олардың университеттегі мәдени, танымдық және әлеуметтік жұмыстарға да белсенді қатысуына, көшбасшылық әрекеттерді жүргізуге, жауапкершілік алып, топта, институтта, университетте спорттық шараларда еріктілік, төрешілік, ұйымдастыру және басқа да әлеуметтік рөлдерді шынайы орындау қызметтеріне қатысу қарқындылығы арту күйлері байқалып келеді.

Олай болса, салауатты өмір салтын ұстанудың қуатты құралы – спорттық клубтың мүшесі ретінде жас спортшының үздіксіз, жүйелі дене, спорттық дайындықтармен шұғылдануы, сол іс-әрекеттің аясында қалыптасатын спорттық дағдылармен бірге, оның бойында қалыптасқан тұлғалық және әлеуметтік дағдылар, университетте, әлеуметтік ортада икемді, бейімді, шығармашылық пен жасампаздықта белсенді өмір сүріп, қоғамдық позициялары орныққан беделді тұлға болуына ұмтылдыра алуға мүмкіндіктер береді.

Қорытынды. Университеттің дене шынықтыру пәнін спорттық клуб формасына түрлендіру моделіндегі жаңартылған құрылымы мен мазмұндық құрамын жүзеге асыруға бағытталған зерттеу тәжірибеміздегі спорттық клубтың ұйымдастырушылық-әдістемелік тұстарын қарастыру, мынандай қорытынды жасау мүмкіндік берді:

- Студент жастардың осы ағзасындағы ауру түрлері мен ақауларын жақсарту, алдын алуға

бағытталған қуатты құрал – олардың үздіксіз белсенді қозғалыстар, жүйелі дене дайындығы мен бұқаралық спортпен шұғылдану іс-әрекеттері салауатты өмір сүру ұстанымдарын қалыптастыруға, тұлғалық және әлеуметтік құндылықтарын баулуға, өмір бойы өзін-өзі танымдық, кәсіби және белсенді әлеуметтік өмір сүруіне мүмкіндіктері жеткілікті екен;

– Осы мәселені шешуге дүниежүзілік теориялық еңбектер мен үлгі тәжірибелерді талдау мен зерделеу арқылы университеттің дене шынықтыру пәнін спорттық клуб формасында оқу үдерісін ұйымдастыра, студент жастардың дене және спорттық дайындықтарын үндестікте орындай алатын, өз еріктерімен спорт түрлерін таңдау, сабақтың тәртіптері мен жүру сәттерін жаттықтырушылармен келісе жүргізудің ұйымдастырушылық-әдістемелік тұстарын біріге шешіп, үздіксіз спорт түрлерімен шұғылдана, өзінің тұлғалық және әлеуметтік құндылықтарында сол спорттық дайындық кезеңінде дамыта отырып, өзінің әлеуметтік өмірдегі, ортадағы ортақ ержелерге сәйкестендірумен бірге, қоғамдық ортада белсенді, салауатты өмір сүру мен еңбек ету ұстанымдарын анықтауға мүмкіндіктер береді;

– Тәжірибелік зерттеуімізде спорттық клубтың спорт түрлері бойынша студент жастардың өз бетімен таңдау арқылы жаттығу сабақтарының сапалы және тиімді жүріп, жоғары спорттық жетістіктерге әр түрлі деңгейлердегі жарыстарға қатысып жүлделі орындар алуға жүйелі құрылымдық, мазмұндық моделі құрылды;

– Спорттық клубтың құрылымдық және мазмұндық моделінің теориялық негіздерін жетекшілікке ала отырып, олардың ұйымдастырушылық, әдістемелік формалары мен тәсілдерін жүзеге асыру барысында командалық топтар арасында зерттеу тәжірибесі екі кезеңнен: дайындық пен түзету, қалыптастырушы және салыстыру құралып, алынған деректердің сандық және сапалық мазмұнын талдау арқылы, жаңа формадағы спорттық оқу-жаттығу іс-әрекеті студент жастардың жүйелі дене және спорттық дайындықтарға жүйелі қатысу, шеберлік дағдыларын дамытудың тәсілдерін тиімді игеру, университеттің қабырғасында белсенді қоғамдық және әлеуметтік шараларға да қатыса, өздерінің әлеуметтік және тұлғалық қасиеттерін икемді тәжірибелеуге мүмкіндіктері арта бастауы анықталды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Макунина О., Ботагариєв Т., Коваленко А., Быков Е., Кубиева С. Сравнительная оценка состояния здоровья студентов Казахстана и России // Здоровье человека, теория и методика физической культуры и спорта. - 2022. - Т.26. - №2. - С. 78-86. DOI: [https://doi.org/10.14258/zosh\(2022\)2.09](https://doi.org/10.14258/zosh(2022)2.09).

- 2 Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 251. Об утверждении Концепции развития физической культуры и спорта Республики Казахстан на 2023–2029 годы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000251> (қолданылған күні: 19.11.2024).
- 3 Стало известно, сколько людей занимаются физкультурой и спортом в Казахстане. [Электрондық ресурс]. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/stalo-izvestno-skolko-lyudey-zanimayutsya-fizkulturoy-514446/ (қолданылған күні: 17.11.2024).
- 4 Мишина Л.М. О проблемах мотивации к занятиям физической культуры студентов Рязанского государственного медицинского университета / Региональная научн.-практич. конф., посвященная 70-летию кафедры физического воспитания и здоровья «Современные проблемы физического воспитания в вузе»: мат. – Рязань, 2021. – С. 8-10.
- 5 Тараносова А.И. Процесс физического воспитания в вузах Соединенных Штатов Америки / Материалы IX Международной студенческой научной конференции «Студенческий научный форум». URL: <https://scienceforum.ru/2017/article/2017029715?ysclid=m8fvmoc4k6508696826> (қолданылған күні: 22.11.2024).
- 6 Спорт в американских университетах. [Электрондық ресурс]. URL: <https://embassy-voices.livejournal.com/47224.html> (қолданылған күні: 22.11.2024).
- 7 Любимова Д.Д., Веденина О.А. Различия в системах физического воспитания в высших учебных заведениях США и России / Региональная студенческая научн.-практич. конф. «Физическая культура, спорт и здоровье студенческой молодежи в современных условиях: проблемы и перспективы развития»: мат. – Екатеринбург, 2020. – С. 132-136.
- 8 Мухамбет Ж.С., Ависевич В.Н., Синьков Д.В. Организация занятий физкультурно-спортивной деятельностью студентов различных стран // Молодой ученый. - 2022. - №13 (408). – С. 156-164.

References

- 1 Makunina O., Botagariyev T., Kovalenko A., Bykov E., Kubieva S. Sravnitel'naja ocenka sostojanija zdorov'ja studentov Kazahstana i Rossii // Zdorov'e cheloveka, teorija i metodika fizicheskoy kul'tury i sporta. - 2022. - T.26. - №2. - S. 78-86. DOI: [https://doi.org/10.14258/zosh\(2022\)2.09](https://doi.org/10.14258/zosh(2022)2.09).
- 2 Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 28 marta 2023 goda № 251. Ob utverzhdenii Konceptii razvitiya fizicheskoy kul'tury i sporta Respubliki Kazahstan na 2023–2029 gody. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000251> (қолданылған күні: 19.11.2024).
- 3 Stalo izvestno, skol'ko ljudej zanimajutsja fizkul'turoj i sportom v Kazahstane. [Jelektrondyk resurs]. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/stalo-izvestno-skolko-lyudey-zanimayutsya-fizkulturoy-514446/ (қолданылған күні: 17.11.2024).
- 4 Mishina L.M. O problemah motivacii k zanjatijam fizicheskoy kul'tury studentov Rjazanskogo gosudarstvennogo medicinskogo universiteta / Regional'naja nauchn.-praktich. konf., posvjashhennaja 70-letiju kafedry fizicheskogo vospitaniya i zdorov'ja «Sovremennye problemy fizicheskogo vospitaniya v vuze»: mat. – Rjazan', 2021. – S. 8-10.
- 5 Taranosova A.I. Process fizicheskogo vospitaniya v vuzah Soedinennyh Shtatov Ameriki / Materialy IX Mezhdunarodnoj studencheskoj nauchnoj konferencii «Studencheskij nauchnyj forum». URL: <https://scienceforum.ru/2017/article/2017029715?ysclid=m8fvmoc4k6508696826> (қолданылған күні: 22.11.2024).
- 6 Sport v amerikanskih universitetah. [Jelektrondyk resurs]. URL: <https://embassy-voices.livejournal.com/47224.html> (қолданылған күні: 22.11.2024).
- 7 Ljubimova D.D., Vedenina O.A. Razlichija v sistemah fizicheskogo vospitaniya v vysshih uchebnyh zavedenijah SShA i Rossii / Regional'naja studencheskaja nauchn.-praktich. konf. «Fizicheskaja kul'tura, sport i zdorov'e studencheskoj molodezhi v sovremennyh uslovijah: problemy i perspektivy razvitiya»: mat. – Ekaterinburg, 2020. – S. 132-136.
- 8 Muhambet Zh.S., Avisevich V.N., Sin'kov D.V. Organizacija zanjatij fizkul'turno-sportivnoj dejatel'nost'ju studentov razlichnyh stran // Molodoy uchenyj. - 2022. - №13 (408). – S. 156-164.

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
Байдалиев Куатбек Абуталипович – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан, e-mail: baj-kuatbek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3180-2247	Байдалиев Куатбек Абуталипович – кандидат педагогических наук, доцент; Западно-Казахстанский аграрно- технический университет им. Жангир хана, г. Уральск, Казахстан, e-mail: baj-kuatbek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3180-2247	Baydaliev Kuatbek Abutalipovich – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor; West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan, Uralsk, Kazakhstan, e-mail: baj-kuatbek@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3180-2247